


Машина жасау факультетінің ғылымы

Машина жасау факультетіндегі ғылыми қызмет мемлекеттік бюджеттік, ғылыми және шаруашылық келісім-шарт бағдарламаларын орындау аясында жүзеге асырылады.

Машина жасау факультетінің кафедралары бірқатар жобаларды жүзеге асыруда:

- «Өнеркәсіптік мақсаттағы ірі габаритті арнайы техниканың гидроцилиндрлерінің ұзын өлшемді штоктарын жөндеудің ресурс үнемдеуші технологиясын әзірлеу». 2020-2022 Гедеминас атындағы Вильнюс техникалық университетімен бірлескен жоба. (жетекшісі, т.ғ.д., профессор Жетесова Г.С.)




NiCrCoFeCBSi/WC- гидроцилиндрлер штоктарын жабындау

- «Астық сақтауға арналған полимерлік ауыл шаруашылығы түтіктеріндегі өндірісті бақылаудың, қашықтықтан мониторингтеудің және микроклиматты диагностикалаудың автоматтандырылған жүйелерінің прототиптерін жобалау және жасау» 2020-2022 жж. (жетекшісі, т.ғ.к., доцент м.а. Никонова Т.Ю.)






Астықты сақтауға арналған полимерлік ауыл шаруашылығы түтіктеріндегі микроклиматты қашықтықтан мониторингтеуге және диагностикалауға арналған бақылау жүйесі

- «Фрезерлеу технологиясын енгізу үшін токарлық станок негізінде әмбебап құрылғының тәжірибелік үлгісін жасау» 2020-2021 жж. (жетекшісі, PhD докторы, доцент м.а. Мусаев М.М.).



Фрезерлеу технологиясын жүзеге асыруға арналған токарлық станок негізіндегі әмбебап құрылғы



- «Тау-кен және металлургия жабдығының бөлшектері үшін жоғарлатылған тасымалдау қасиеттерімен «Нихард» классты шойын өндіру технологиясын әзірлеу және енгізу» (ғылыми жетекшісі т. ғ. д., профессор Исагулов А. З.)



Тәжірибелік үлгілердің металлографиялық және микроқұрылымдық зерттеулері



- «Ыстыққа төзімді жаңа қорытпаны және оның негізінде металлургиялық өндіріске арналған бөлшектер алу технологиясын жасау және енгізу» 2021 (ғылыми жетекшісі, PhD докторы, оқытушы Аринова С. К.)

а



Тәжірибелік зертханалық қорытпаның (МРСА) құрылымы

- «Тау-кен-шахта жабдықтарының бөлшектеріне арналған хромды антифрикциялық шойын өндіру технологиясын жасау және енгізу» (ғылыми жетекші, PhD докторы, аға оқытушы Щербакова Е.П.)»



Зерттелетін үлгілердің микроқұрылымдары